

Түркістан Облысы Төлеби ауданы
ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақша

Әкімшілік жиналысының хаттамалары

2023-2024ж

Әкімшілік жиналыс хаттамасы
№1 хаттама

Өткізілген күні: 05 –қыркүйек. 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: Себепсізі:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ортаңғы топтарда

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Қ.Тасымбекова сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыс сөзге шыққандар: медбике Ыдырыс А сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші А.Самбетова сөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиеші Сыдықова Ә сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жаңа оқу жылында жабық форматта, ата – ананың қатысуынсыз өтіп, барлық топтың жас

**Әкімшілік жиналыстың мәжілісхаттамасы
№2 хаттама**

Өткізілген күні: 01 – қараша 2023 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева , әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 30

Қатыспағандар саны: 1

Себептісі: 1 **Себепсізі:** жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы .Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел. «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Усманова сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті.

Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты. Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын, тырнақтарының өспеуін, шаштарының тазалығын қарауды тапсырды. Қолдарын таза жууды, антисептик қолдануды, бір реттік сүлгіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты..

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиеші С.Қалыбаева сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің максаттарымен,

Әзілі барысымен таныстырды.Сценарий бойынша балалар қандай әндер айтты, билер, тақпақтар, ойындар ойнағанын айтты.Ертеңгілікке санитарлық талаптар сақталынып, ата – ананың қатысуынсыз айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші: И.Тогусбаева ертеңгіліктің өте қызықты өткенін, барлығына ұнағанын айтты.Тәрбиеші С.Қалыбаева ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте керемет болғанын айтты.

Әдіскер А.Баккелдиева ертеңгіліктің сценарий жақсы құрылғанын ,балалар күз мезгілінің берекесін,молшылық, көп өнім беретінін түсініп, қызықты өтілгенін атап өтті.Ертеңгілік мақсатына жетті деп санаймын.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Қ.Тасымбекова«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтетінін айтып, жаңартылған бағдарламаның әдіс – тәсілдерімен пікір бөлісуге шақырды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші: Г.Бегалиева сөйлеп, Педагогикалық шеберлік орталығында білімін жетілдіріп келгенін, курстағы оқыған 4К моделінің бағыттары сыни ойлау, командамен жұмыс, креативті ойлау, коммуникативті дағдыны оқу қызметтерінде қалай қолдану керектігі жайлы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Самбетова А педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрымдалған ойын, еркін ойындардың қалай ойналатыны туралы бөлісті.

Шеберлік орталығында білімін жетілдірген педагогтардың барлығы өз тәжірибесімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары ұйымдастырылған іс - әрекеттерде қолданылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№3 хаттама**

Өткізілген күні: 09.01.2024жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева , әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 16

Қатыспағандар саны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгілік қорытындысы
2. Табиғат бұрышының жағдайы

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі Г.Кулбаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселебалабақша тәрбиеші А.Самбетова сөйлеп,барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстырды.Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындатып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Д.Молдабековасөйлеп,Жаңа жылдық ертеңгіліктер әрине көңілді, қызық өтілді.Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

ТәрбиешіЖ.КундебаеваЖаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтеріңкі көңіл - күй қуаныш сыйлайтындай жақсы дәрежеде өтілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Тәрбиеші И.ТогусбаеваЕртеңгіліктер барысында балалар сахнада қалай тұруды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты.Балалардың би билеп, ән айта білуіне көп көмегі тиді деді. тәрбиешілердің еңбегі көп екенін айтып, ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева сөйлеп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Ешімқұл сөйлеп, бөбекжайдағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты.Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді.Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр. жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырсақ деген ұыныс айтты.

арыссөзге шыққандар: А. Самбетова табиғат бұрышына арнайы қаржы өлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа қамқор болуға үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға қамқоршылық кеңеске ұсыныс тастап, демеушілер тарапынан ұйымдастырсақ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Барлық топтардағы жаңа – жылдық ертенгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштарды Қамқоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы **Калишурасва Э**

Хатшы:



Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№4 хаттама

Өткізілген күні: 06- Наурыз . 2024 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 25

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.« Ана –өмір шуағы» атты ертеңгілікті талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы,тамақтың сапасын бақылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі Г.Кулбаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі сөйлеп, «Ана өмір шуағы» ойын – сауығының мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырды. Көктем аруы келіп сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Д.Молдабекова сөйлеп, көктем мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, қармен ойнап денсаулықтарын шынықтырды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Асылбекова А ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын және таң қалдыру сәтіне Аққала келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай кәсіподақ комитетінің төрайымы Мирзаханова Сахобат сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы,тамақтың сапасын кәсіподақ мүшелерінің бақылауларының нәтижесін айтты.Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып,бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады.Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, бірақ тәрбиеші көмекшілері кей уақытта өз уақытынан ерте келіп тұратынын айтып, уақтылы тамақ алуға ескерту берілгенін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Сариева М сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау жасады. Балалардың шығармашылық жұмыстары оқу қызметі өтіліп, қорытынды

жасалып болған соң, ата – анаға көрінетіндей жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі оқу қызметіне дейін ілулі тұратынын айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысқаны жазылып тігіліп қойылғанын айтты. Әр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.

1. «Ана өмір шуағы» ертеңгілік өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.

2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынсын.

3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

Жиналыс төрайымы :

Хатшы:



**Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№5 хаттама**

Өткізілген күні: 09 - наурыз . 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.Кулбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 29

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Ана өмір шуағы »«Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы
4. Тақырыптық бақылау. МАД «Балдырған» тобындағы кешенді бақылау қорытындысы

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселебалабақша тәрбиешілері сөйлеп, «Аяулы анашым»«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценарийлерімен таныстырды. Аяулы анашым, Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындайтынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлы ақылдасты.Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айтып келісті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер А.Ешімқұл сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бұйымдардан ойыншық немесе ұлттық бұйым берілсе деген ой айтты.Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тәрбиеші Баккелдиева Айнұр сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Меңгерушісі Г.Кулбаевасөйлеп, еліміздегі шектеу шараларына байланысты ертеңгілікке ата – аналардың қатыспайтынын және балалардың көрсеткен өнерлерін ата – аналардың чатына салуды тапсырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Дайрова Карима сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстырды.Бөбекжайда әр оқу жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айтып берді.Апат кезіндегі сыртқа шығу

картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдармен сөйлеспеу, шақырса бармау, тәтті берсе жемеу, от шығатын заттармен, қауіпті заттармен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші көмекшісі Э.Бегимкуловаөрт сөндіргіш баллонды қалай қолдану жайлы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике С.Усмановасөйлеп, балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сүрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айтылып кететінін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.кулбаева сөйлеп, Мектепалды даярлық «Даниял» тобындағы кешенді бақылау қорытындысы туралы сөйледі. Балабақшадағы бақылау тәрбиелеу мен білім беру процесінің МЖМБС міндеттері мен мақсаттарына, МДҰ жарғыларына, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қондырғыларға сәйкестігін анықтау үшін жүргізілетін бақылау және тексеру жүйесі екенін және балабақшадағы бақылау кезінде тәрбиешілердің қызметін талдауға ерекше назар аударылатынын айтып өтті. Мектепалды даярлық «Даниял» тобындағы тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына, ойыншықтармен, көрнекіліктермен, ойын аймақтарымен, кітаптармен, дамытушы ортаның дидактикалық материалдармен жабдықталуына, ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарға, балалардың даму мониторингі жасалып, жеке даму картасы бойынша жұмыстардың толыққанды жүргізілуіне жан-жақты бақылау жүргізілгенін айтты..

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийі бекітіліп, қашықтықтан өткізілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы» деп бағалансын.
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Жиналыс төрайымы **Қалшаураева Э**
Хатшы: **Ешімқұл А**



Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы.
№6 хаттама

Өткізілген күні: 30 – мамыр 2024- жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 27

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.«Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі Ж.Муздыбаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі А. Темірбекова «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстарғанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Бегайдарова Айнұр ойын- сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын.

Тәрбиеші: А. Асылбекова «Жолда жүру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақ жолақтан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Көжек» тобының тәрбиешісі Мирзаханова С сөйлеп, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілігінің сценариймен, барысымен таныстырды. Ертеңгілікте

балалармен жыл бойы дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкелеріне алғыстарын білдіреді.

Жарыссөзге шыққандар: ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі А. Темірбекова сөйлеп, бұл ертеңгілікке балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінен әртүрлі тапсырмалар орындап, дидактикалық ойындар қосылатынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер сөйлеп, 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Мен бақытты балдырған» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай әдіскері А. Баккелдиева «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өтетінін, санитариялық талаптарды, ара қашықтықты қатаң сақтай отырып, барлық балалары қатысатынын және бүлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Баккелдиева жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстырды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан қолдады.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа меңгерушісі К. Дайрова жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.

2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.

3. «1 маусым - Балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийі бекітілсін.

4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: Қалшұраева Э
Хатшы: Ешимқұл А

